

Central Asian Economic Review

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникация
министрлігінде тіркелген

Күәлік № 16353-Ж
23.02.2017 ж.
ISSN 2224 – 5561



№6 (135) 2020
1996 жылдан бастап
шыға бастады

Негізін қалаушы
«Нархоз Университеті» КеАҚ

«Нархоз Университеті» КеАҚ Central Asian Economic Review ғылыми-редакциялық кеңесі

Бас редактор

С.А. Святков – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*

Редактордың орынбасары

С.С. Арыстанбаева – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*

Редакциялық алқа

- А.А. Адамбекова** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- Л.М. Байтенова** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- Ш.М. Қаңтарбаева** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- А.М. Сейітқазиева** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- Ж. Симанавичене** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Mykolas Romeris Университеті*
- Ш.А. Смағұлова** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- Ұ.А. Текенов** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- С. Ы. Өмірзақов** – *экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті*
- Е.А. Абенова** – *педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті*
- А. Акимов** – *PhD, профессор, Griffith Университеті*
- Л.Қ. Баймағамбетова** – *экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті*
- К. Браувайлер** – *PhD, профессор, Қолданбалы зерттеулер Университеті*
- Ж. М. Дюсембекова** – *экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті*
- М. Ж. Жарылқасынова** – *экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Нархоз Университеті*
- Р. Елшібаев** – *экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті*
- Д. Ким** – *PhD, зерттеуші профессор, Нархоз Университеті*
- Т. Медени** – *PhD, профессор, Yildirim Beazit Университеті*
- Е. Өскембаев** – *PhD, зерттеуші профессор, СДУ*
- М. М. Рысқұлова** – *экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті*
- А.Ж. Сарсенбаева** – *«Фортуна Полиграф» баспасы ЖШС-нің бас директоры, журналдың жауапты редакторы*
- Н.Ж.Айтенов** – *Ғылыми зерттеулер бөлімінің координаторы, журналдың техникалық редакторы, Нархоз Университеті*

Central Asian Economic Review

Журнал зарегистрирован в
Министерстве информации и
коммуникаций Республики Казахстан

Свидетельство № 16353-Ж
23.02.2017 г.
ISSN 2224 – 5561



№6 (135) 2020

Издается с 1996 года

Учредитель
НАО «Университет Нархоз»

Редакционный совет Central Asian Economic Review НАО «Университет Нархоз»

Главный редактор
С.А. Святков

доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Заместитель редактора
С.С. Арыстанбаева

доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Редакционная коллегия

А.А. Адамбекова	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
Л.М. Байтенова	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
Ш.М. Кантарбаева	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
А.М. Сейтказиева	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
Ж. Симанавичене	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Mykolas Romeris</i>
Ш.А. Смагулова	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
У.А. Текенов	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
С.И. Умирзаков	–	<i>доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
Е.А. Абенова	–	<i>кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз</i>
А. Акимов	–	<i>PhD, профессор, Университет Griffith</i>
Л.К. Баймагамбетова	–	<i>кандидат экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
К. Браувайлер	–	<i>PhD, профессор, Университет прикладных исследований</i>
Ж.М. Дюсембекова	–	<i>кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз</i>
М.Ж. Жарылкасинова	–	<i>кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз</i>
Р. Елшибаев	–	<i>кандидат экономических наук, профессор, Университет Нархоз</i>
Д. Ким	–	<i>PhD, профессор-исследователь, Университет Нархоз</i>
Т. Медени	–	<i>PhD, профессор, Университет Yildirim Beazit</i>
Е. Оскенбаев	–	<i>PhD, профессор-исследователь, СДУ</i>
М.М. Рыскулова	–	<i>кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз</i>
А.Ж. Сарсенбаева	–	<i>ген. директор ТОО «Издательство «Фортуна Полиграф», ответственный редактор журнала</i>
Н. Ж. Айтенов	–	<i>Координатор Отдела научно-исследовательских работ, технический редактор журнала, Университет Нархоз</i>

Central Asian Economic Review

This Journal is Registered in the Ministry
of Information and Communication of
The Republic of
Kazakhstan



Volume 6 No. (135) 2020

*The journal has been published
since 1996*

Document №16353-Ж
23.02.2017 year
ISSN 2224 – 5561

The Founder
NP JSC «Narxoz University»

Editorial Board Central Asian Economic Review NP JSC «Narxoz University»

Chief Editor

S.A. Svyatov

Doctor of Economics, Professor, Narxoz University

Deputy Editor

S.S. Arystanbayeva

Doctor of Economics, Professor, Narxoz University

Editorial Board

A.A. Adambekova	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
L.M. Baitenova	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Sh.M. Kantarbayeva	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
A.M. Seitkaziyeva	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Z. Simanaviciene	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Mykolas Romeris University</i>
Sh.A. Smagulova	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
U.A. Tekenov	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
S.Y. Umirzakov	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
E.A. Abenova	–	<i>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Narxoz University</i>
A. Akimov	–	<i>PhD, Professor Griffith University</i>
L.K. Baimagambetova	–	<i>Candidate of Economic Sciences, Professor, Narxoz University</i>
C. Brauweiler	–	<i>PhD, Professor, University of Applied Sciences</i>
Zh. M. Dyussembekova	–	<i>Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Narxoz University</i>
M.Zh. Zharylkasinova	–	<i>Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Narxoz University</i>
R. Yelshibaev	–	<i>Candidate of Economic Sciences, Professor, Narxoz University</i>
D. Kim	–	<i>PhD, Professor, Narxoz University</i>
T. Medeni	–	<i>PhD, Professor, Yildirim Beazit University</i>
E. Oskembayev	–	<i>PhD, research professor, SDU</i>
M.M. Ryskulova	–	<i>Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Narxoz University</i>
A.Zh. Sarsenbayeva	–	<i>Executive editor, Director of “Fortuna Polygraph” Publishing house</i>
N. Zh. Aitenov	–	<i>Coordinator of the Research Department, Narxoz University</i>

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

**МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКА
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ И РЕГИОНАЛЬНАЯ ЭКОНОМИКА**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ Ш. А. Смағұлова	6
PROFESSIONALIZATION OF THE STATE APPARATUS: MAIN STAGES AND PROSPECTS R. Sergaliyeva, R. Bugubayeva, L. Tretyakova	19
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖҰМЫС КҮШІ АРТЫҚ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (Жамбыл облысының мысалында) С. А. Илашева, Б. Д. Бекназаров, С. С. Есенбекова	32
PROBLEMS OF LOCAL SELF-GOVERNMENT DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN Zh. Aubakirova, E. Aimagambetov.....	46

**ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП
ФИНАНСЫ И УЧЕТ**

PROFITABILITY DETERMINANTS OF BANKS IN THE COUNTRIES WITH LOW INTEREST RATES A. Faizulayev, A. Bazarbayeva, A. Sailau.....	58
ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ КІРІСТІ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ Н. С. Нуркашева, М. Д. Жумабаева, Г. Т. Андыбаева	71
FORMATION FEATURES OF THE DEVELOPMENT STRATEGY OF FOREIGN COMMERCIAL BANKS Y. V. Trofimova, V. N. Nepshina, N. P. Urazova	82

**ЭКОНОМИКАДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ЭКОНОМИКЕ**

КЛЮЧЕВЫЕ ФАКТОРЫ УСПЕХА IT-ПРОЕКТОВ Г. С. Муханова, А. У. Кукетаева	94
ПРЕИМУЩЕСТВА И ПРОБЛЕМЫ ВЕДЕНИЯ БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ А. Н. Казиева, А. О. Ағымбай, Н. Т. Сейткалиева	109

**БИЗНЕС ЖӘНЕ ТУРИЗМ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО И ТУРИЗМ**

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ («Бұйратау» ұлттық паркінің мысалында) А. Ж. Сапиева, Е. Нұрұлы, Ж. М. Асипова.....	116
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНІРЛІК ТУРИСТІК РЕСУРСТАРДЫ ЖЫЛЖЫТУ СТРАТЕГИЯСЫ (Жамбыл облысы мысалында) А. Г. Аблеева, Б. И. Ақтымбаева, Н. Ж. Сулейменова	127

CONTENT

PUBLIC ADMINISTRATION AND REGIONAL ECONOMY

APPLICATION OF PROJECT MANAGEMENT IN THE IMPLEMENTATION OF STATE DEVELOPMENT PROGRAMS IN KAZAKHSTAN Sh. A. Smagulova	6
PROFESSIONALIZATION OF THE STATE APPARATUS: MAIN STAGES AND PROSPECTS R. Sergaliyeva, R. Bugubayeva, L. Tretyakova	19
SOCIO-ECONOMIC SITUATION OF LABOR SURPLUS REGIONS OF KAZAKHSTAN (on the example of Zhambyl region) S. A. Ilasheva, B. D. Beknazarov, S. S. Esenbekova	32
PROBLEMS OF LOCAL SELF-GOVERNMENT DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN Zh. Aubakirova, E. Aimagambetov	46

FINANCE AND ACCOUNTING

PROFITABILITY DETERMINANTS OF BANKS IN THE COUNTRIES WITH LOW INTEREST RATES A. Faizulayev, A. Bazarbayeva, A. Sailau	58
MODERN APPROACHES TO ACCOUNTING FOR INCOME IN CONSTRUCTION N. S. Nurkasheva, M. D. Zhumabayeva, G. T. Andibaeva	71
FORMATION FEATURES OF THE DEVELOPMENT STRATEGY OF FOREIGN COMMERCIAL BANKS Y. V. Trofimova, V. N. Nepshina, N. P. Urazova	82

INFORMATION TECHNOLOGIES IN ECONOMY

KEY SUCCESS FACTORS OF IT PROJECTS G. S. Mukhanova, A. U. Kuketayeva	94
ADVANTAGES AND CHALLENGES OF DOING BUSINESS IN KAZAKHSTAN IN A DIGITAL ECONOMY A. N. Kaziyeva, A. O. Agymbay, N. T. Seitkalieva	109

BUSINESS AND TOURISM

EVALUATION OF THE MULTIPLICATIVE EFFECT OF ECOTOURISM DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN (on the example of the "Buyratau" National Park) A. Zh. Sapiyeva, Ye. Nuruly, Zh. M. Assipova	116
PROMOTION STRATEGY FOR REGIONAL TOURIST RESOURCES IN KAZAKHSTAN (on the example of Zhambyl region) A. G. Ableeva, B. I. Aktymbaeva, N. Zh. Suleimenova	127

МРНТИ 71.37.05

JEL Classification: Z30; Q57

**ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ
МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ
(«Бұйратау» ұлттық паркінің мысалында)**

А. Ж. Сапиева¹, Е. Нұрұлы¹, Ж. М. Асипова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – экономикалық көрсеткіштер мен статистикалық деректер негізінде «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде экологиялық туризмді дамытудың мультипликативтік әсеріне бағалау жүргізу.

Әдіснамасы – экотуризмнің «Бұйратау» ұлттық паркінің экономикасына жанама әсерін зерттеуде статистикалық зерттеу әдісі, Д. Кейнстің экономикалық талдау теориясына негізделген экотуристік-сараланған мультипликатордың математикалық моделі және мультипликаторды есептеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – туристік қызметтер нарығының өзгешеліктері мен «Бұйратау» ұлттық паркінің даму ерекшеліктерін ескере отырып, экотуризм саласындағы экономикалық процестерді дамыту және реттеу бойынша практикалық ережелерді нақтылаудан тұрады. Осыған байланысты, экотуризмнің Бұйратау МҰТП дамуына, атап айтқанда жұмыс орындарын құруға және халықтың табысына мультипликативтік әсері айқындалады.

Зерттеу нәтижелері – мультипликативтік коэффициенті $k = 2,63$ болған жағдайда әрбір экотурист пен экоекскурсанттың 189 USD мөлшеріндегі шығыстары 10 айналым (трансакция) жасалған кезде Бұйратау ұлттық паркінің экономикасына 610 USD мөлшерінде қосымша табыс әкелетіні анықталды.

Түйін сөздер: мультипликативтік әсер, ұлттық парк, экотуризм, Кейнс моделі, экотуристердің кірістері мен шығыстары, мультипликативтік коэффициент, тұтынуға шекті бейімділік, жинақтауға шекті бейімділік.

Алғыстар. Осы мақала (1) АР08855888 «Экологиялық туризмді аумақтық ұйымдастыру арқылы Қазақстанның ұлттық парктерінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті» Мемлекеттік мекемесі желісі бойынша гранттық қаржыландыру жобасын орындау шеңберінде және (2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру гранты бойынша мақаланың бірінші бірлескен авторының диссертациялық жұмысын жазу шеңберінде дайындалды.


КІРІСПЕ

Туризм – бұл халық шаруашылығының тұтастай бірнеше тобына әсерін тигізетін экономикадағы ерекше құбылыстардың бірі. Туризмді жоспарлау мен дамыту туристердің қызығушылығын пайдалануға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) жүйесін құруға, ЕҚТА-ның экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға, табиғи және мәдени мұраны сақтауға және процеске тартылған барлық адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталуы керек, өйткені ол тұрақты дамуға қол жеткізудің құралдарының бірі болып табылады [1]. Бүгінде ЕҚТА-дың ішінде туризмді дамытуға ең тиімді аймақ болып, ұлттық парктер табылады.

Ұлттық парктер – табиғат пайдаланудың әлемдік тәжірибесінде кеңінен таралған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың маңызды санаты. Елімізде ұлттық парктер – бұл табиғи және мәдени ландшафт-

тарды сақтаудың салыстырмалы түрде жаңа түрі және оның бүгінгі таңда танымалдылығы артуда. Іс жүзінде танымалдылығының артуы батыс елдеріндегі тәжірибемен теңдесу қажеттілігі болып табылады. Батыс тәжірибесінде ұлттық парктер туристік қызметтің ерекшелігін ескере отырып сараланған. Бұл экотуризмнің екі негізгі моделін бөліп көрсету арқылы көрінеді. Оның біріншісіне адам аяғы баспаған «пәк» табиғатқа саяхат жасауды жатқызуға болады. Бұл модель алғашында АҚШ және Канада елдерінде қалыптасты, алайда Аустралияда кең таралып, толықтай іске асырылған болатын, сондықтан да оны аустралиялық модель деп жиі атайды. Екіншісі, ол Батыс Еуропа моделі – мәдени ландшафтта жүзеге асатын іс-әрекеттер. Яғни бұл дегеніміз аумағында табиғи ландшафтқа үйлесімді тарихи және мәдени ескерткіштері бар ұлттық парктер [2].

Осындай модельдердің негізінде елімізде ұлттық парктердің дамуын, олардың мемлекетке тигізетін мультипликативтік әсерін жақсартуға болады. Мысалыға, АҚШ-тың ең танымал ұлттық парктерінің бірегейі Йеллоустонға орташа есеппен жылына 3 млн. адам келеді, ал 2019 жылдың екінші жартысының қорытындысы бойынша келушілер саны 4,7 млн. адамға жеткен, бұл көрсеткіш ұлттық паркке кіру билеттері мен қосымша тауарларды (сувенир) сату арқылы 70,5 млн. АҚШ доллар табуға мүмкіндік береді (орташа есеппен ұлттық паркке кірудің ең төменгі құны 15 АҚШ долларын құрайды). Сонымен қатар, Аустралия мен Кенияның ұлттық парктері де мемлекетке тиімді жұмыс істейді, әсіресе туристер табиғи жағдайда көре алатын арыстандар, пілдер және де басқа да жануарлар тұратын Кенияның Амбосели ұлттық паркі барлық туристерді тарта алады (1-сурет).



Сурет 1 – Ұлттық парктерге келушілер саны, %
Ескерту – [3] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Көрсетілген гистограммаға талдау жасайтын болсақ еліміздегі ұлттық парктерге келушілер санының төмендігі Қазақстандағы мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің дамымауының айғағы болып табылады. Алайда, Қазақстан табиғатының әсемділігімен 1-суретте көрсетілген елдерден кем түспейтіндігі айдан анық. Бірақ, Қазақстандағы ұлттық парктердің кемшілігі инфрақұрылымның төмен жағдайы мен қосымша қызметтерді көрсетудің қымбатшылығымен сипатталады.

Бұдан бөлек, COVID-19 пандемиясы әлемдік туризмге үлкен әсер етті және Қазақстан да бұл жайттан шетте қалмады. UNWTO (Дүниежүзілік туристік ұйым) мәліметі бойынша, 2020 жылдың алғашқы жартысында ғана халықаралық сапарлар саны 65 %-ға азайған, яғни осының салдарынан 460 млрд. АҚШ доллары жоғалған. Бірақ тарихқа көз салсақ дағдарыстан кейін қалпына келу процесі өзгерістерімен жаңадан нарыққа енетіні және ол кейін өсіммен ұласатындығы да мәлім. Қазіргі таңда туристік дестинациялардың 53 %-ында карантин шаралары жеңілдетілгені байқалады және Қазақстанда да солардың қатарында. Шекаралардың жабылуы елдің ішкі туризміне деген қызығушылықтың өсуіне және туристік бизнестің барлық субъектілері бизнесті дамыту үшін пайдалы ақпарат ала алатын кәсіби алаңға деген сұраныстың артуына әкелді. Осы уақытты пайдаланып ішкі туризмнің бағыттарын дамытуға болады. Ең тиімді және қолайлы бағыттың бірі ұлттық парктердегі экологиялық туризм болып табылады.

Ішкі туризмде 2020 жылдың сөзсіз трендіне экологиялық туризм болды. Оның SWOT-талдау арқылы қарастырып көрсек [4].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар экологиялық туризмнің дамуы үшін барынша жоғары әлеуетке ие негізгі объектілері болып табылады, өйткені:

- ұлттық парктердің аумағында адам қолы жетпейтін бірегей табиғи аумақтар мен экожүйелер бар;
- ұлттық парктер экотуризмді дамытудың негізгі шарттарын орындауға қабілетті жалғыз құрылым – туристік қызметті жоспарлау, болжау, бағалау және бақылау;
- ұлттық парктер аумағындағы туристік қызметті реттеудің құқықтық тетіктері және оларды сақтау туризмнің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға көмектеседі;
- экологиялық білім беру және экологиялық туризм қызметін үйлестіре отырып, ұлттық парктер аумағындағы экологиялық туризм экологиялық сауаттылық деңгейін арттырады [5];
- ұлттық парктерде экологиялық туризмді дамытудың негізгі мақсаты барынша пайда табу емес, табиғи және мәдени ландшафттарды сақтау болып табылады;
- ұлттық парктер аумағында экологиялық туризмді дамыту білім деңгейі жоғары мамандар мен оның айналасындағы тұрғындардың жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, яғни жергілікті халық үшін табыс көзі және жаңа жұмыс орындары болып табыла алады.

Сонымен қатар, Қазақстанның ұлттық парктерінің аумағында экологиялық туризмді дамытуды қиындататын бірқатар проблемалар мен кемшіліктерде бар, яғни әлсіз жақтары мен қауіп қатерлері. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұлттық парктердің өздері, турфирмалар және жергілікті тұрғындар арасында ұлттық парктер аумақтарында экологиялық туризмді дамыту жөніндегі іс-қимылдардың келісілмеуі;
 - мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарапынан ұлттық парктер аумақтарында экологиялық туризмді қаржыландыру деңгейінің төмендігі. Әдетте, экологиялық туризмді дамыту үшін жағдай жасауға қаражат мемлекеттік бюджеттен бөлінбейді, ал саябақтар алған туризмнен түсетін табыс өз аумағын дербес дамытумен айналысу үшін өте аз;
 - нормативтік-құқықтық базаның нашар дамығаны, рекреациялық жүктемелерді анықтаудың және мониторингтің бірыңғай әдістерінің болмауы, нәтижесінде туристердің бақылаусыз ағыны парктің көрікті жерлерінің бірталай санының азып-тозуына алып келеді;
 - көптеген ұлттық парктердің аумақтарындағы туристік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жай-күйі, осыған байланысты туристер мен экскурсанттардың саябақтарға баруын бақылай алмайды;
 - жергілікті халықтың экологиялық туризмнің мүмкіндіктері және олардың оны дамытуға қатысу қажеттілігі туралы жеткілікті хабардар болмауы, соның нәтижесінде жергілікті халықтың кәсіпкерлік белсенділігінің әлсіздігі;
 - ұлттық парктер аумағында экологиялық туризмді ұйымдастыру және басқару саласындағы жоғары білікті мамандар жеткіліксіздігі;
 - жарнамалық ақпараттық материалдардың болмауы, бүгінде кейбір парктердің өз сайттары жоқ, экологиялық турлар туралы ақпарат жеткіліксіз, мамандандырылған мәліметтер аз;
 - парктердің көпшілігінде жабдықталған экологиялық соқпақтардың, бақылау-өткізу пункттерінің, визит орталықтарының, машиналарға арналған тұрақтардың, түрлік аландардың болмауы [6].
- Келесі кезекте ұлттық парктерде экотуризмді дамытудың келесідей мүмкіндіктері де бар. Олар:
- ұлттық парктердің қолайлы, қауіпсіз қол жетімді көркем, танымдылық тұрғыдан қызықты және туризм үшін қолайлы жерде орналасады;
 - туристік топтарға қызмет көрсету жүйесінің практикалық тәжірибесінің болуы, онда экотуризмді дамытуға мүмкіншілік береді;
 - экологиялық туризмді ұйымдастыру үшін инфрақұрылымның болуы;
 - ұлттық парктердің аумағында бірегей тарихи мәдени объектілердің, оның ішінде кейде дүние жүзілік маңызы бар немесе тарихи маңызы бар орындардың болуы мүмкіндігі, оның маңызын арттыра түседі;
 - табиғатты қорғауда ұлттық парктердің орнының ерекшелігі [7].

Жоғарыда келтірілген анализ нәтижесі бойынша Қазақстанда ұлттық парктерде экологиялық туризмді дамытуда біршама кемшіліктері мен қауіп-қатерлердің болуына қарамастан, жалпы еліміздің ұлттық парктерінде аса қолайлы екендігін аңғаруға болады. Оның ішінде «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде экологиялық туризмді дамыту бойынша біршама бастамалар, атап айтқанда, ұлттық парк аймағында экологиялық соқпақтар мен олардың маршруттық карталары әзірленген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеу әдістері. Экотуризмнің жанама әсерін бағалаудағы әдістемелік тәсілдің мәні туризм саласындағы кірістер мен шығыстардың ерекшелігі болып табылады. Экотуристердің тұрған жеріндегі шығыстары – туристік кәсіпорындардың, көлік компанияларының, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, байланыс салаларының, демалыс және ойын-сауық саласындағы кәсіпорындардың және экономиканың ілеспе салаларындағы басқа да кәсіпорындардың кірістері. Бұл кәсіпорындар үшін бұл кірістер қосымша пайда, инвестициялар, жалақы, қосымша жұмыс орындары және т.б. Республикалық, аймақтық және жергілікті бюджеттер үшін бұл қосымша салықтар, төлемдер, алымдар мен баждар.

Сонымен, экотуристер кіру билеттеріне, тамақтануға, көлікке қаржы жұмсайды, біздің жағдайда «Бұйратау» ұлттық паркіне барады және осылайша қабылдаушы аймақтың (Қарағанды, Ақмола) экономикасына енеді. Бұл енуді тікелей және жанама ену әсерін бағалау арқылы зерттеуге болады. Жалпы «Бұйратау» ұлттық паркінде экологиялық туризмнің әсерін төмендегідей формула арқылы анықтаймыз.

Ағылшын экономисті Д. Кейнстің экономикалық талдау теориясының негіздерін және аталған экономистердің мультипликаторды есептеу әдістерін қолдана отырып, экотуристік сараланған мультипликатордың математикалық моделін ұсынуға болады:

$$K = \frac{\sum_{I=1}^m \sum_{i=1}^n Q(I) \cdot R(I, i) \cdot V_i(I)}{1 - P_{\max} \cdot \sum_{i=1}^n X_{(i)} Z_{(i)} V_{(i)}}, \quad (1)$$

мұндағы:

I – туризм санаты (түрлері) (танымдық, сауықтыру, іскерлік, экологиялық, агротуризм және т.б.), $I = 1, 2, 3, \dots, m$;

i – экотуристік мультипликатор есептелетін кәсіпорынның түрі, $i = 1, 2, 3, \dots, n$;

$Q_{(i)}$ – жалпы шығыстардағы I типтегі экотуристер өндіретін шығыстардың үлесі;

$R_{(I, i)}$ – I типтегі туристер i типтегі кәсіпорын арқылы өндіретін шығыстардың үлесі;

V_i – i типті кәсіпорын жасайтын шығыстардың бірлігімен жинақталатын тікелей және жанама кірістер;

P_{\max} – тұтынуға шекті бейімділік (ТШБ);

$X_{(i)}$ – жалпы тұтыну шығыстарындағы I типті кәсіпорын шеңберінде жергілікті тұрғындар шығыстарының үлесі;

$Z_{(i)}$ – елдің нақты өңіріне жататын $X_{(i)}$ -ден үлес;

$V_{(i)}$ – V_i -дан үлес [8].

Жоғарыда келтірілген модель экотуристік шығындарды көбейту принципіне негізделген.

Сонымен, жоғарыда берілген формула бойынша мақала авторлары Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ақпаратына сүйене отырып, экотуризмнің мультипликативтік әсерін «Бұйратау» ұлттық паркінің ауқымында есептеуге әрекет жасады.

Экотуристік мультипликатор шеңберіндегі экотуристік шығыстар айналымының серпінін ескере отырып, экотуризмнің жалпыланған түрдегі жанама әсерін есептеу келесідей болады:

$$K = P + P \cdot \text{ТШБ} + P \cdot \text{ТШБ}^2 + P \cdot \text{ТШБ}^3 + \dots + P \cdot \text{ТШБ}^n \quad (2)$$

$$Y = \frac{P}{(1 - \text{ТШБ})} \quad (3)$$

$$k = \frac{1}{(1 - \text{ТШБ})} = \frac{1}{\text{ЖШБ}} \quad (4)$$

K – мультипликатор коэффициенті;

ТШБ – тұтынуға шекті бейімділік;

ЖШБ – жинақтауға шекті бейімділік;

$P = \text{const}$;

Y – экотуристтік өнімдер (қызметтер) шығару [9].

Осындай есептеу модельдерін қолдану «Бұйратау» ұлттық паркінің экономикалық айналымы жүйесінде тепе-тең тұтынушы сұранысын және 2017-2019 жылдар кезеңінде қабылданған инвестициялардың өзгермеген параметрінің болуын болжайды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экотуризмнің экономикалық дамуы, сондай-ақ оның белгілі бір аймақтың экономикасына пайдалы әсері туристердің табиғи ортаны қорғау үшін қызметтердің белгілі бір түрін сатып алуға жұмсаған қаражатының қаншалықты толық пайдаланылатындығында көрінеді. Мұндай тарту туристердің экотуристтік өндірістің қызметтері мен өнімдерін сатып алуға жұмсаған ақшасы мемлекеттік бюджеттен тыс оларды өткізу және ақша қаражатының құйылу орындарында қалуы шартымен мүмкін болады. Ақшалай қаражат аумақтардың табиғи және биотикалық ортасын сақтау жөніндегі шаралар кешенін одан әрі жақсарту және белгілі бір аймақтың экологиялық туризмін дамыту үшін пайдаланылуы керек.

Туризм ішінара бөлінісіндегі өзінің бір түрі экотуризмнің секілді, табиғи ресурстарды айтарлықтай өзгертпестен пайдалануға бағытталған ұлттық экономиканың нақты саласы болып табылады. Туристік саланың болуының нәтижесі тұтынушылардың туристік ресурстар орналасқан жеріне баруы болып табылады, ал олардың саны мен сапасы көптеген жылдар бойы өзгеріссіз қалады. Яғни, экологиялық туризмнің жалпы туризмнің өзі сияқты экономикаға әсерін тигізеді. Осы орайда, туризмнің белгілі бір аймаққа экономикалық әсерін есептеу мультипликаторды есептеу арқылы жүзеге асады, яғни экотуризмнің Бұйратау ұлттық паркіне тигізетін әсерін осы мультипликатор әдісі арқылы іске асырылады. Жалпы «туризм мультипликаторы» деген түсінікті көптеген шетелдік және отандық баспалардан кездестіруге болады. Олар ең алғаш экономикадағы мультипликатордың анықтамасын ұсынған ағылшын экономисті, экономикалық теориядағы Кейнс бағытының негізін қалаушы Дж. М. Кейнстің есімімен байланысты [10]. Сондай-ақ, туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативті әсерін зерттеуге үлес қосқан шетелдік туризм зерттеушілерінің ішінде Ф. Веллас пен Л. Бекерель [11], Ж. Р. Брент Ритчи және Ч. Р. Гоэлднер [12], П. Самуэльсон [13], Т. Ратц және Л. Пучко [14], және басқаларын атап өтуге болады. Ал ТМД елдері зерттеушілерінің ішінде В. Гуляев [15], И. В. Зорин, В. А. Квартальнов [16] секілді зерттеушілер туристік мультипликатордың әрекеті туралы ашық айтады.

Туризм мультипликаторы – негізгі экономикалық көрсеткіштердің бірінің (мысалы, өндіріс, жұмыспен қамту, табыс және шығыс т.б.) өзгерістерінің экотуристер шығыстарының өзгеруіне қатынасы. Жергілікті кәсіпорындар жеткізуші кәсіпорындарға тәуелді болғандықтан, туристік аймақтағы экотуристердің шығындарының кез-келген өзгерісі экономиканың, табыстың, жұмыспен қамтудың және айырбас бағамының өндірістік деңгейінің өзгеруіне әкеледі. Яғни, экотуризмдегі туристердің шығындарын есептеуде оны көбейту қажет белгілі бір коэффициент бар. Экотуризмдегі өндірістің жалпы өзгеруін бағалау үшін өндіріс мультипликаторы қолданылады [17]. Жалпы экологиялық туризмнен түсетін табыстың өзгеруін бағалау үшін басқа коэффициент қолданылады, оған туристердің шығындары да көбейтілуі керек. Ал, экотуристік қызметтегі мультипликативті процесс шығындар көрсеткіштерінің әр түрлі түрлерімен сипатталады, олардың жиынтығы кіріс пен экотуристік қызметтің экономиканың әртүрлі салаларына әсерін талдаудан құралады және т.б.

Зерттеу барысында «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне негізінен Ақмола және Қарағанды облыстарынан экотуристер мен экскурсанттар келетіні анықталды. Олар өз кезегінде «Бұйратау» ұлттық паркінің аумағында туристік-рекреациялық іс-әрекетті және ақша айналымының процессін құрайды. Яғни, жергілікті тұрғындардың және кәсіпкерлердің ұсынған тауарларымен тұтыну жүйесімен байланысып әрекеттеседі. «Бұйратау» ұлттық паркінде экотуристермен тікелей іске асатын құбылыс бір-бірімен үздіксіз байланысқа түседі. Жалпы экотуристік мультипликаторды есептеу үшін экотуризмнің жанама әсерінің шамасын есептеу қажет (кесте 1, 2).

Кесте 1 – Бақылау орындарына келетін келушілердің саны, адам

	Сұралған келушілер саны				
	Барлығы	оның ішінде			
		әуежайларда	теміржол вокзалдарында	автостанцияларда	автомобиль өткізу пункттерінде
Қарағанды облысы	150	42	37	66	5
Ақмола облысы	150	39	28	71	12

Ескерту – [18] ақпарат көзі негізінде құрастырылды

Кесте 2 – «Бұйратау» ұлттық паркінің аумағына кіру келушілерінің шығыстары, мың теңге

	Жұмсалған ақша қаражатының сомасы, тг				
	Жергілікті азық-түлік орындары	Орналастыру орындарында тұру	Көлік қызметтері	Туристік агенттіктер мен туropераторлардың қызметтері	Өзге де шығыстар
Қарағанды облысы	12000,0	13560,0	10028,5	3600,0	15900,0
Ақмола облысы	10910,0	23450,0	12800,0	7100,0	12700,0

Ескерту – [19] ақпарат көзі негізінде құрастырылды

Экотуристік мультипликатор шеңберіндегі экотуристік шығыстар айналымының серпінін ескере отырып, экотуризмнің жалпыланған түрдегі жанама әсерін есептеу нәтижесінде «Бұйратау» ұлттық паркінің экономикасына салынған инвестициялар экологиялық туристер мен экскурсанттардың жиынтық шығындары анықталды ($P = 189\text{USD}$ [6]). Алынған есеп айырысу кезеңі бойынша (2019 жыл) экотуристердің мұндай шығыстары жергілікті экономикаға салған өзгеріс тудыратыны анық (кесте 3, 4).

Кесте 3 – 2017-2019 жылдардағы «Бұйратау» ұлттық паркінің номиналды кірістер мен шығыстардың деңгейі

Жылдар	Табыс деңгейі, теңге	Шығыс деңгейі, теңге
2017	52 450	30 962
2018	59 420	36 545
2019	62 310	41 290

Ескерту – [20] кесте авторлармен құрастырылған

Кесте 4 – Тұтынуға шекті бейімділік, 2017-2019 жж.

Жылына	Келушілер саны, адам
2017	59
2018	61
2019	66

Ескерту – [21] кесте авторлармен құрастырылған

2017 жылы тұтынуға орташа шекті бейімділік 59 %-ды құраса, 2018 жылы – 61 %-ды, ал 2016 жылы – 66 % болды. Кестеден көріп отырғанымыздай, жыл сайын тұтынуға шекті бейімділік жоғарылап отыр. Кестеде көрсетілген көрсеткіштер бойынша орташа шектік бейімділік келесідей формуламен шығады:

$$ТШБ = \frac{59+61+66}{3} = 62\% \quad (5)$$

Жоғарыда келтірілген есептеу модельдерін қолдана отырып, келесідей көрсеткіштер алынды:

$$Y = \frac{P}{(1-ТШБ)} = \frac{189}{(1-0,62)} = 497 \quad (6)$$

Сонымен, «Бұйратау» ұлттық паркінде экологиялық туризмнің даму деңгейін геометриялық прогрессия параметрлерін есептеуге арналған формула бойынша және экотуристік шығындар айналымының саны мен әр айналымдағы кірістің өсу мөлшері келесідей анықталады:

$$K = 189 + 189 \cdot 0,62 + 189 \cdot 0,62^2 + 189 \cdot 0,62^3 + 189 \cdot 0,62^4 + 189 \cdot 0,62^5 + 189 \cdot 0,62^6 + 189 \cdot 0,62^7 + 189 \cdot 0,62^8 + 189 \cdot 0,62^9 + \dots + 189 \cdot 0,62^n = 189 + 117,18 + 72,65 + 45,04 + 27,9 + 17,3 + 10,7 + 6,7 + 4,1 + 2,5 + \dots + 189 \cdot 0,62^n = 610 + 189 \cdot 0,62^n \quad (7)$$

$$k = \frac{1}{(1-ТШБ)} = \frac{1}{(1-0,62)} = 2,63 \quad (8)$$

Біздің жағдайда мультипликатив коэффициенті $k = 2,63$ болған кезде әрбір экотурист пен экоекскурсанттың 189 USD мөлшеріндегі шығыстары n -дік көрсеткіштен астам айналым (транзакция) жасай отырып, 10 айналымда 610 USD мөлшерінде ұлттық парк экономикасына қосымша табыс әкеледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпыға қолжетімді ақпараттық материалдарды негізге ала отырып, ресми деректер бойынша Ақмола және Қарағанды облыстарына 2019 жылы 300-ге жуық экотуристер келгенін атап өтуге болады. Егер осы деректерді зерттеу барысында алған есептеулермен байланыстыратын болсақ, онда экотуризмнен ұлттық парк бюджетіне мультипликативті әсердің мөлшері шамамен 1,6 млн. теңгені құрайды. Егер экотуризм туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтен түсетін барлық ақшалай түсімдердің 20-дан 25 %-ға дейін құрайтынын ескеретін болсақ, онда экотуризм үшін жинақталған мультипликатор көрсеткіші жылына 3-4 %-ды ғана құрайды [22]. Жалпыланған экотуристік мультипликатордың алынған мәні оған аздау жағына әсер ететін бірқатар факторларды көрсетеді. Бастапқы деректер мен қабылданған жорамалдар негізінде экотуризмнің ел экономикасына жанама әсерінің шамасын есептеуге және экотуризмнің мультипликативті әсерін алуға болады. Ұсынылған әдістеме бойынша есептелген экотуризмнің мультипликативті әсері бағалау болып табылады, сондықтан есептеулерде ескерілген көрсеткіштерді негіздеген кезде сараптамалық тәсілді қолданған жөн. Экотуризмде мультипликаторды есептеудің негізгі проблемаларының бірі – Қазақстанның туризм саласындағы статистикалық есептің жетілмегендігі екенін атап өткен жөн. Экотуризмнің мультипликативті әсерінің басты мәні, сайып келгенде, бір экотуристен алынған «тізбекті» табыс, қызметтерді, тауарларды және т.б. сатып алынған тауарлар экотуристік бағытта жұмсалған ақша сомасынан асып түседі [23].

Осылайша, «Бұйратау» ұлттық паркі экологиялық туризмді дамыту үшін экологиялық тур маршруттары мен қатар, оның басты мақсатының өзі табиғи эко жүйені сақтау екендігін ескере отырып, онда таңдалған аймақта экотуризмді одан әрі дамытуға барлық әлеует бар деп толықтай сеніммен айтуға бо-

лады. Сонымен бірге, бұл табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелерін шешудің бір бағыты, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін арттыруға ықпал етеді, табиғи ортадағы халықтың мінез-құлқының экологиялық нормаларын дамытады, жекелеген аймақтар мен тұтастай мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Dzhandzhugazova E. New forms possibilities for promotion of national parks in the internet environment. // *Middle East Journal of Scientific Research*. – 2013. – Т. 16. – № 9. – P. 1238–1244.
2. Dzhandzhugazova E. A., Ilina E. L., Latkin A. N., Davydovich A. R., Valedinskaya E. N. Ecotourism programs in the perception of natural and cultural landscapes (on the example the Kizhi museum reserve). // *Ekoloji*. – 2018. – Т. 27. – № 106. – P. 377–382.
3. Dzhandzhugazova E. A., Ilina E. L., Latkin A. N., Davydovich A. R., Siganova V.V. Problems of development of ecological tourism on the territory of national parks of Russia. // *Ekoloji*. – 2019. – Vol. 28. – P. 4913–4917.
4. Akiyanova F. Z., Temirbayeva R. K., Yegemberdiyeva K. B., Atalikhova A., Simbatova A., Nazhbiyev A. The state and possibilities of ecotourism development within the national nature parks of Kazakhstan. // *EurAsian Journal of BioSciences*. – 2020. – Vol. 14. – P. 507–514.
5. Kaas B. C., Holm J. B., Caspersen O. H., Gulsrud N. M. Nature Park Amager—examining the transition from urban wasteland to a rewilded ecotourism destination. // *Journal of Ecotourism*. – 2019. – Vol. 18. – P. 348–367.
6. Clius M., Patroescu M. An evaluation matrix for ecotourism potential in certain categories of protected areas in romania. Case studies: National park, nature park, geopark (Conference Paper). // *International Multidisciplinary Scientific GeoConference Surveying Geology and Mining Ecology Management, SGEM*. – 2014. – Vol. 2. – P. 9–16.
7. Erol S. Y., Kuvan Y., Yildirim H. T. The general characteristics and main problems of national parks in Turkey. // *African Journal of Agricultural Research*. – 2011. – Vol. 6. – P. 5377–5385.
8. Jeffrey Y. F. Economic Impact Studies: Relating the Positive and Negative Impacts to Tourism Development. // *Journal of Travel Research*. – 1990. – Т. 29. – № 1. – P. 35–42.
9. Юрьева Т. В. Социальная экономика. – М.: Дрофа, 2001. – 352 с.
10. Кейнс Д.М. Общая теория занятости, процента и денег. – М.: Эксмо, 2008. С. 131–135.
11. François Vellas, Lionel Bécherel. *International Tourism: An Economic Perspective*. – Palgrave: St. Martin's Press, 1995. – 359 p.
12. Brent Ritchie J. R., Goeldner Ch. R. *The Macroeconomic Theory of John Keynes*. – 2016. – 128 p.
13. Samuelson P. *Economics*, 13th Ed. – New-York: McGraw-Hill Education, 1989. – 837 p.
14. Ratz T., Puczko L. *The Impacts of Tourism an Introduction*. – Hungary: Nameenlinna, 2002. – 256 p.
15. Гуляев В. Г. Мультипликативный эффект в туризме. // *Вестник Экономика туризма РМАТ*. – 2011. – № 3 (3). – С. 54–64.
16. Зорин И. В., Квартальнов В. А. *Энциклопедия туризма Справочник*. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 368 с.
17. Мамистова Е. А., Беленова А. А. Мультипликативные эффекты в туризме. // *Молодежный вектор развития аграрной науки Материалы 66 научной студенческой конференции*. – Воронеж, 2015. – С. 33–42.
18. *Статистика туризма. Бюллетень за 2019 год*. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан: [Электронды ресурс]. – URL: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_e/ (Қарау уақыты: 22.10.2020).
19. Официальный Интернет-сайт Международного союза охраны природы [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.iucn.org/theme/world-heritage>. (Қарау уақыты: 12.10.2020).
20. Официальный Интернет-сайт Информационный портал Акима Ерейментауского района: [Электронды ресурс]. – URL: http://www.ereymen.akmol.kz/tgy_gnpp_byjratay.html (Қарау уақыты: 29.11.2020).

21. Официальный Интернет-сайт государственного национального природного парка «Буйратау»: [Электронды құжат]. – URL: <http://gnpp-buiratau.kz/ru/page/karagayly> (Қарау уақыты: 29.11.2020).
22. Официальный Интернет-сайт Kazakh tourism [Электронды ресурс]. – <https://qaztourism.kz/ru> (Қарау уақыты: 29.11.2020)).
23. Mulligan G. F. Multiplier effects and structural change: applying economic base analysis to small economies. // *Review of Urban & Regional Development Studies*. – 2014. – Vol. 6. – P. 3–21.

REFERENCES

1. Dzhandzhugazova, E. (2013), “New forms possibilities for promotion of national parks in the internet environment”, *Middle East Journal of Scientific Research*, Vol. 16, No. 9, P. 1238–1244.
2. Dzhandzhugazova, E. A., Ilina, E. L., Latkin, A. N., Davydovich, A. R. & Valedinskaya, E. N. (2018), “Ecotourism programs in the perception of natural and cultural landscapes (on the example the Kizhi museum reserve)”, *Ekoloji*, Vol. 27, No. 106, P. 377–382.
3. Dzhandzhugazova, E. A., Ilina, E. L., Latkin, A. N., Davydovich, A. R. & Siganova, V. V. (2019), “Problems of development of ecological tourism on the territory of national parks of Russia”, *Ekoloji*, Vol. 28, P. 4913–4917.
4. Akiyanova, F. Z., Temirbayeva, R. K., Yegemberdiyeva, K. B., Atalikhova, A., Simbatova, A. & Nazhbiyev, A. (2020), “The state and possibilities of ecotourism development within the national nature parks of Kazakhstan”, *EurAsian Journal of BioSciences*, Vol. 14, P. 507–514.
5. Kaee, B. C., Holm, J. B., Caspersen, O. H. & Gulsrud, N. M. (2019), “Nature Park Amager—examining the transition from urban wasteland to a rewilded ecotourism destination”, *Journal of Ecotourism*, Vol. 18, P. 348–367.
6. Clius, M. & Patroescu, M. (2014), “An evaluation matrix for ecotourism potential in certain categories of protected areas in romania. Case studies: National park, nature park, geopark (Conference Paper)”, *International Multidisciplinary Scientific GeoConference Surveying Geology and Mining Ecology Management, SGEM*, Vol. 2, P. 9–16.
7. Erol, S. Y., Kuvan, Y. & Yildirim, H. T. (2011), “The general characteristics and main problems of national parks in Turkey”, *African Journal of Agricultural Research*, Vol. 6, P. 5377–5385.
8. Jeffrey, Y. F. (1990), “Economic Impact Studies: Relating the Positive and Negative Impacts to Tourism Development”, *Journal of Travel Research*, Vol. 29, No. 1, P. 35–42.
9. Yuryeva, T. V. (2001), “Social'naya ekonomika”, Drofa, Moscow, 352 p.
10. Keynes, D. M. (2008), “Obshchaya teoriya zanyatosti, procenta i deneg”, Eksmo, Moscow, P. 131–135.
11. Bécherel, L. & Vellas, F. (1995), “International Tourism: An Economic Perspective”, St. Martin's Press, Palgrave, 359 p.
12. Brent Ritchie, J. R. & Goeldner, Ch. R. (2016), “The Macroeconomic Theory of John Keynes”, 128 p.
13. Samuelson, P. (1989), “Economics, 13th Ed”, McGraw-Hill Education, New-York, 837 p.
14. Ratz, T. & Puczko, L. (2002), “The Impacts of Tourism An Introduction”, Hameenlinna, Hungary, 256 p.
15. Gulyaev, V. G. (2011), “Mul'tiplikativnyj effekt v turizme”, *Bulletin of the Economics of Tourism RMAT*, No. 3 (3), P. 54–64.
16. Zorin, I. V. & Kvartal'nov, V. A. (2003), “Enciklopediya turizma Spravochnik”, *Finansy i statistika*, Moscow, 368 p.
17. Mamistova, E. A. & Belenova, A. A. (2015), “Mul'tiplikativnye efekty v turizme”, *Molodezhnyj vektor razvitiya agrarnoj nauki Materialy 66 nauchnoj studencheskoj konferencii*, P. 33–42.
18. Tourism statistics. 2019 Bulletin. Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, available at: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_e/ (accessed: October 22, 2020).
19. Official website of the International Union for Conservation of Nature, available at: <https://www.iucn.org/theme/world-heritage> (accessed October 12, 2020).
20. Official website of the State National Natural Park "Buyratau", available at: <http://gnpp-buiratau.kz/ru/page/karagayly> (accessed: November 29, 2020).

21. Official website of the State National Natural Park "Buyratau", available at: <http://gnpp-buiratau.kz/ru/page/karagayly> (accessed: November 29, 2020).

22. Kazakh tourism official website, available at: <https://qaztourism.kz/ru> (accessed: November 29, 2020).

23. Mulligan, G. F. (2014), "Multiplier effects and structural change: applying economic base analysis to small economies", Review of Urban & Regional Development Studies, Vol. 6, P. 3–21.

**EVALUATION OF THE MULTIPLICATIVE EFFECT
OF ECOTOURISM DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN
(on the example of the «Buyratau» National Park)**

A. Zh. Sapiyeva¹, Ye. Nuruly¹, Zh. M. Assipova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of research – to assess the multiplier effect of ecotourism development in the “Buiratau” State National Nature Park (SNNP) on the basis of economic indicators and statistical data.

Methodology – when studying the indirect impact of ecotourism on the economy of the Buiratau National Park, we used the method of statistical research, the mathematical model of the ecotourism – differentiated multiplier based on D. Keynes' theory of economic analysis, and methods for calculating the multiplier.

Originality/value – the research originality lies in the specification of practical provisions for the development and regulation of economic processes in the field of ecotourism, taking into account the specifics of the tourist services market and Buiratau National Park development. In this regard, the ecotourism multiplicative impact on the development of the Buiratau SNNP, in particular on the creation of jobs and incomes of the population, is revealed.

Findings – it was found that with a multiplicative coefficient $k = 2.63$, the expenses of each ecotourist and eco-excursionist in the amount of 189 USD bring additional income to the economy of the Buiratau National Park in the amount of 610 USD when making 10 turns (transactions).

Keywords – multiplier effect, national park, ecotourism, Keynes' model, ecotourists income and expenses, multiplicative coefficient, marginal propensity to consume, marginal propensity to accumulate.

Acknowledgments. This article was prepared as part of (1) the implementation of a grant financing project through the State Institution “Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan” on the topic AP08855888 “Ensuring sustainable development of Kazakhstan’s national parks through the territorial organization of ecological tourism” and (2) within the framework of writing a thesis of the first co-author article on an educational grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

**ОЦЕНКА МУЛЬТИПЛИКАТИВНОГО ЭФФЕКТА
РАЗВИТИЯ ЭКОТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ
(на примере национального парка «Буйратау»)**

А. Ж. Сапиева¹, Е. Нурулы¹, Ж. М. Асипова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – провести оценку мультипликативного эффекта развития экологического туризма в государственном национальном природном парке «Буйратау» на основе экономических показателей и статистических данных.

Методология – при изучении косвенного влияния экотуризма на экономику национального парка «Буйратау» были использованы статистические методы исследования, математическая модель экотуристско-дифференцированного мультипликатора, основанная на теории экономического анализа Д. Кейнса и методы расчета мультипликатора.

Оригинальность / ценность исследования – оригинальность исследования заключается в конкретизации практических положений по развитию и регулированию экономических процессов в сфере экотуризма с учетом специфики рынка туристских услуг и особенности развития национального парка Буйратау. В связи этим, выявляется мультипликативное влияние экотуризма на развитие ГНПП Буйратау, в частности на создание рабочих мест и доходы населения.

Результаты исследования – было выявлено, что при коэффициенте мультипликативности $k = 2,63$ расходы каждого экотуриста и экоэкскурсанта в размере 189 USD приносят дополнительный доход в экономику национального парка Буйратау в размере 610 USD при совершении 10 оборотов (транзакций).

Ключевые слова: мультипликативный эффект, национальный парк, экотуризм, модель Кейнса, доходы и расходы экотуристов, коэффициент мультипликативности, маргинальная склонность к потреблению, маргинальная склонность к накоплению.

Благодарности. Настоящая статья подготовлена в рамках (1) выполнения проекта грантового финансирования по линии Государственного учреждения «Комитет науки Министерства образования и науки Республики Казахстан» по теме AP08855888 «Обеспечение устойчивого развития национальных парков Казахстана путем территориальной организации экологического туризма» и (2) в рамках написания диссертационной работы первого соавтора статьи по образовательному гранту Министерства образования и науки Республики Казахстан.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Сапиева Акмарал Женисбаевна – докторант Ph.D., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: akmaral.sapiyeva@kaznu.kz

Нұрұлы Елдар – докторант Ph.D., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: yeldar.nuruly@kaznu.kz

Асипова Жанна Медеуовна – Ph.D., доцент міндетін атқарушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: assipova.zhanna@gmail.com

Central Asian Economic Review №6 (135) 2020

Жазылатын индекс / – 74002

Редакторлары / Редакторы – ***А.Ж. Сарсембаева***
Компьютерде беттеген / Компьютерная верстка – ***А.Т. Акылова***

Басуға / Подписано к печати 25.12.2020.

Пішімі / Формат 70×100^{1/8}.

Көлемі б.т./ Объем 17,5 п.л. / Есептік б.т. / Уч-изд. 16,2 п.л. / Шартты б.т./ Усл. 14,3 п.л.

Таралымы / Тираж 300 дана /экз.

«Фортуна полиграф» баспасы» ЖШС / ТОО «Издательство «Фортуна полиграф»
050063, Алматы қаласы, 1-ықшам ауданы, 81-үй / 050063, г. Алматы, 1-микрорайон, д. 81.

Fpolygraf@bk.ru

Тел: +7 701 787 32 92, +7 771 574 57 05,
+7 701 940 76 86